



Ақмешіт

1 қаңтар
сенбі

№1 (1805)

2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті
қызылордалықтар, қадірлі
қала қоңақтары!

Сіздерді төрімізге енген Жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – өткенді саралап, талқы таразысымен баға қорытып, жаңа бастамалар мен жарқын болашаққа қадам жасайтын, салмақты үміт артар ерекше мереке.

Өткен жылы ұлысымыз үшін ұлық, мемлекетіміз үшін мәртебелі мереке – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі тойын атап өттік. Тарихи тағалымы зор, маңығынасы терең бұл мереке бірлігіміздің бекемдігін, тұғырымыздың нық екендігін тағы бір айшықтады.

Бүгінгі күні Қызылорда қаласы облыс экономикасының барлық салаларындағы оң өзгерістердің мінберінен көрініп, нәтижелі бастамаларымен көш бастап келеді.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап, қаламыздың көлемі бірнеше есеге ұлғайды, халқының саны артты. Жаңа мөлтек аудандар, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер, саябақтар салынып, сәулеттік келбетіне көз тояр зәулім ғимараттар бой түзеді. Экономикалық әлеуетіміз қарқын алып, Сырдың сол жағалауын игердік, қала халқын жайлы баспанамен қамтыдық.

Бұл – Сыр жұртшылығының ынтымағы мен бірлігінің, бізге артқан сенімі мен қолдауының арқасы. Осылайша, сүйікті қаламыз үшін берекелі жыл болған 2021 жыл тарих қойнауына енді.

Біз үкілі үмітпен, шынайы пейілмен, ізгі ниетте әр жаңа жылдан жағымды жаңалық күтеміз. Ендеше 2022 жыл арман-тілегіміз жүзеге асып, ырыс-несібіміз артсын.

Жаңа жыл еліміздегі әрбір шаңыраққа бақыт пен шаттық сыйлап, барыс жылы бейбітшілік пен табыс жылы болғай.

Жақсылық пен жанарудың жаршысы болған Жаңа жыл баршамызға құтты болсын, қымбатты жерлестер!

Құрметпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ

Қош келдің, Барыс жылы!

Бүгін 2022 жылдың 1 қаңтары. Бұл дегенің барыс жылы келді деген сөз. Жалпы жыл қайыруда «Барыс жылы» жайлы саналады. Әрине жалпылама алатын болсақ, қазақ тарихында әр жылдарда сәтті-сәтсіз жайттар, жақсы-жаман тарихи оқиғалар жоқ емес. Халықтың таным-түсінігінде қолайлы жыл саналған бұл жыл несімен ерекше? Халық жадында қандай оқиғалармен есте қалды? Бүгін осы сұрақтар төңірегінде сөз қозғайтын боламыз.

Жалпы барыс жылы XX ғасыр басталғалы 1902, 1914, 1926, 1938, 1950, 1962, 1974, 1986, 1998, 2010 жылдары болған. Ал 2022 жылмен тағы келіп тұр. Сонымен тарих беттерінде осынау қазақтың болмысына жақын барыс жылы несімен есте қалды? Толығырақ тоқталайық...

Жалпы 1902 жыл әлемдік аренада айтарлықтай тарихи сәттер болмаған. Бұл тұста қазақ халқында да елеулі өзгерістер болды деп айту қиын. Өйткені ол кез XX ғасырдың енді басталып, патшалық Ресейге бағынып тұрған сәтпен тұспа-тұс келеді. Бұл жылға тарихшылар саяси ояну кезеңі деп баға берген. Оған салмақты себеп те бар. Өйткені осы жылдары қазақтың оқыған-тоқыған, көзі ашық зиялы қауымы ұлтымыздың өз еркіндігін алу үшін білімді ұрпақ қажеттігін, халықтың сауатын ашу керектігін ұғынып, осы бағытта жатпай-тұрмай жұмыс істеген. Яғни бұл жылды ұлт зиялыларының саясатқа араласа бастау кезеңі деп атауға болатындай.

Ал 1914 жыл бірінші дүниежүзілік соғыс басталған жыл ретінде белгілі. Дүниені дүр сілкіндірген атышулы соғыстың басында Ресей тұрды. Біздің ел бұл соғысқа атойлап тікелей қатыспаса да Ресейдің еркін көсілуіне мүмкіндік берген негізгі ел десек қате айтпаймыз. Себебі орыстар азық-түліктің бәрін біздің елден алды. Сол уақыттары бір ғана Түркістан өлкесінің өзінен жетпіс мыңнан аса жылқы, он үш мыңнан аса түйе жіберілген екен. Тарих солай дейді.

Ешкімге онайға соқпаған бұл соғыста осындай жәрдем орыстардың экономикалық жағдайын көтеруге сеп болды. Бірақ бұл өзімізге, яғни халқымызға ауыр тиді. Ақыры қазақтан да майданға адам алатын болды. Мұның соңы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске алып келді.

2 БЕТТЕ



ҚАЗАНТАЕВ ӘКІМ БОЛҒАН КЕЗ: ҚАЛА ТІРШІЛІГІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?



Тағы бір жыл тарих қойнауына енді. Әкімдер мен басшылардың жыл бойғы атқарған жұмысына ел тарапынан мақтау да, сын да, тіпті ұсыныс-пікір де айтылатыны анық. Өткен жылғы сәуірдің 8-і күні шаһар тізгінін қолына алған Ғанибек Қазантаевтың әкім ретіндегі 8 айы қалай өтті? Ол бас шаһардың тыныс-тіршілігіне нендей өзгеріс әкелді?

Бұған дейін Сырдың бас қаласын 8 жыл басқарған Нұрлыбек Нәлібаев басқа қызметке ауысқанда «енді кім әкім болады екен?» деген сұрақ қызу талқыланғаны рас. Әрине, қаланың басшысыз қалмайтыны белгілі. Мәселе онда емес, «қызмет ете алмасам, маған серт» дейтін іскер әкім керек. Әйтпесе «әкім болсам» деп армандап келіп, жыл толмай орын босатқандар да қала тарихында жоқ емес. Көп айтып не керек, өткен жылдың сәуірінде Ғанибек Қазантаев қала әкімі болып тағайындалды. Сырбойлықтар үшін Қазантаев есімі жақсы таныс. Елге адал қызмет етуімен жұрт есінде қалған әке абыройы мен атағын айтпағанда, өзінің біршама уақыт бұрын Сырдария ауданын басқарып, әкім ретінде жақсы ісі айтылады. Оның өмірбаянындағы атқарған қызметін емес, ел есінде қалған жақсылығы туралы тізбектесек, ауданда әкім болған тұста көзбояушылық пен жалған ақпаратқа жол бермегенін айтады. Мәселен, әлеуметтік дүкендер сол уақытта мұқтаж отбасының қалтасына салмақ түсірмейтіндей бағаны ұстады, сондай-ақ аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан талантты балалар жоғары оқу орнында білім алуға аудан әкімінің грантымен оқыды, демеуші тапты. Сондай-ақ елдің ауыл үлкендерін, ақсақалын тыңдауға мүмкіндік жасап, республикада жүзеге асқан қоғамдық кеңес құру тәжірибесі осы Сырдария ауданынан басталғанын көпшілік ұмытқан жоқ.

3 БЕТТЕ

2021 жылдың негізгі маңызды оқиғасы – Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы. Бұл айтулы мереке елімізде кең көлемде тойланды. 2022 жылға қадам басып отырмыз. Бүгін барыс жылы еніп, сиыр жылын шығарып салдық. Жалпы өткен жыл несімен дараланды? Қандай оқиғалар есте қалды? Біз өткен жылға шолу жасап, айтулы оқиғаларды тағы бір саралап көрдік.

2021 НЕСІМЕН ДАРАЛАНДЫ?

БИЛІК

Қазақстанда 2021 жылдың 1 қаңтарында парламент пен жергілікті мәслихат депутаттарының кезекті сайлауы өтті. Бұл сайлау тәуелсіз еліміздің тарихында сегізінші рет ұйымдастырылды. Ал 25 шілде күні Қазақстанда аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауыл округі әкімдерін сайлауы өтті. Еліміздің 14 облысындағы 2346 әкімнің 31 процентінің сайлау науқаны өтті. Осылайша алдағы төрт жылға 730 әкім сайланды. Сонымен қатар елімізде он жылда бір өткізілетін халық санағы өтті. Санақ арқылы Қазақстан халқы 19,1 млн адамға жеткені белгілі болды.

Мұндағы қазақтың үлесі – 70 процентті құрады. Ал оның 48,71 проценті – ерлер, 51,29 проценті – әйелдер.

ҚОҒАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында 2021 жылдан бастап, зейнетақы қорының бір бөлігін алу туралы жаңа заң жобасын дайындау туралы тапсырма берді. Осыған орай қазақстандықтар зейнетақы қорының бір бөлігіне қол жеткізді. Сондай-ақ жүргізуші куәлігінсіз көлік басқару жүзеге аспақ. Мәжіліс жүргізушілерге қатысты заң жобасына өзгерістер енгізуді ұсынды. Ол заң күшіне енсе, көлік иелері жүргізуші куәлігін өзімен алып жүрмесе жаза қолданылмайды. Енді жүргізуші куәлігін, көлік құралын тіркеу туралы куәлік, азаматтың төлқұжаты, жоғары білім туралы диплом, студенттік қарточка, сактандыру полисі онлайн форматта жүреді. Сонымен қатар биыл Қазақстанда ақылы жолдар ұзарып, қараша айында тағы жеті учаске іске қосылды.

2 БЕТТЕ

АТСЫН ТАҢЫМ АРАЙЛАП, АЛДАН КҮЛІП

Келді міне, Жаңа жыл, жаңа үміт,
Атсын таңым арайлап, алдан күліп.
Кетсінші өткен жылмен аты өшір дерт,
Көңілдерде қалмасын жалған күдік.

Орнасын шаттық өмір баяғыдай,
Көңілің соны іздеп қоятын -ай.
Жаңа жылдан күтетін үмітім зор,
Жапырағын жақсылық жаятындай.

Кел, Жаңа жыл, әр үйге шаттық алып,
Шуағың төк еліме бақыт дарыт.
Әлем бізге қарасын қазағым деп,
Текті халық едік қой, отты халық.
Кел, Жаңа жыл, елімді жасандырып,
Қанында жоқ қазақтың жасандылық.
Барыс жылы төрге шық, қайраттана,
Сені күтіп, қанишама жасарды үміт.
Кел, Жаңа жыл, төрімді ұсынатын,
Күнім құлап, төбемде жүзесін Айым.
Шаңырақтар шаттықтан тербетіліп,
Ел еңсесі асқақтап тұрсын дәйім!

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ

Қош келдің, Барыс жылы!

Басы 1-бетте

Енді келесі барыс жылына көшейік. 1926 жылы халқымыз кеңестік үкіметтің құрамында болды. Қызылорданың астана болып тұрған кезі. Біздің жұртқа қатысты талай тарихи шешім қабылданған сөт. XX ғасырдың алғашқы он жылдығына карағанда біршама еңсе тіктеді. Өйткені Ленин бастаған билік өкілдері осы тұста жаңа экономикалық саясатқа бет бұрып, салық жайын реттеп, шаруаларға сал де болса еркіндік берген. Осы тұста Қазақстанда мал басы көбейіп, егістік жері әжептәуір ұлғайған. Сондай-ақ ел жадында қалған бір кездердегі әйелдер теңдігі мәселесі де осы жылдары көтерілген. Кейін мал жайт талай әдеби туындының өмірге келуіне сеп болды.

Бұдан кейінгі барыс жылы 1938 жылмен тұспа-тұс келген. Ал 1937-1938 жылдар қазақ халқының тарихында қаралы жылдар ретінде белгілі. Себебі Сталиннің әкімшіл-әміршіл жүйесі осы жылдары репрессия саясатын жүргізе бастады. 1938 жылы ұлттымыздың ішінен бас көтеріп, халқымыздың сауатын ашуға барын салған зиялы қауым өкілдері репрессия құрбаны болды. Жазаланды, қудаланды, ақыр соңы атылды, асылды. Қазақтың бүгінде көп нәрседен кеш қалуы – осы ұлылардан айрулынан ба деп те ойлайсыз кейде. Жа, қойшы. Сонымен бұл халқымыздың жат ұлттан жәбір көрген, атасынан баласына дейін лагер мен түрме көрген жылдар ретінде тарих беттерінде қалды.

Ортаға тағы он екі жыл салып барыс жылы 1950 жылы қайта келді. Бұл жылдар туралы «Бұл уақыт қазаққа біраз зардабын тигізген Сталиннің биліктегі соңғы жылдары ретінде есте қалды. 1950 жылдар екінші дүниежүзілік соғыс бітіп, соғыстан кейінгі шығындардың орнын толтыру жылдары ретінде белгілі. Себебі бұл соғыс қатысушы мемлекеттерге үлкен шығын келтірді. 1950 жылдар ауыл

шаруашылығын қайта қалпына келтіру жылдары деуге болады. Қазақ халқы осы соғыста қиран тозған қала, колхоз, совхоздарды аяғынан тұрғызу үшін тындай еңбек еткен», – дейді тарихшы Болат Санабайұлы.

Арада тағы он екі жыл өтті. 1962 жыл халқымыз үшін оңайға соқпады. Осы жылы халқымыз өзіне тиесілі біраз жерден айырылып қалды. Саяси ахуал нашарлады. Хрущев елімізге қолдан қастандық жасады. Ол қазақ жерін талан-таражға салып, Оңтүстік Қазақстанның біраз аймағын Өзбекстанға өткізіп жіберді. Сөйтіп тарихта көршіге есеміз кеткен жыл ретінде есте қалды. Ал 1974 жылы қазақ тарихында аса маңызды өзгерістер бола қойған жоқ. Ал енді 1986 жылдың жайы мүлде бөлек әңгіме. Бұл жыл халық жүрегінде, ұлт тарихында тәу етер тәуелсіздігімізге алғышарт болған жыл ретінде белгілі. Жалынды қазақ жастарының өктемдігін жүргізген үкіметке барысша азу тисіні ақситып қарсы тұрған, қайсар мінезімен барысша ұмтылған, тәуелсіздігімізді жақындатқан сөт еді.

«1986 жыл – қазақ үшін тарихи дата. Жалынды жастар себеп болған Желтоқсан оқиғасына биыл – 35 жыл. Колбиннің билікке келуі ел ішінде наразылық туғызды. Біржағы бұл тарихи оқиғаға дейін де ел ішінде қарапайым халықты мазалаған мәселелер көп еді. Оның ішінде экономикалық тоқырау және колхоз бен совхоздың шығынға белшесінен батқаны бар. Осы жағымсыз жайттардың барлығы жиналған уақытта билікке өзге ұлт өкілінің келуі, Желтоқсан оқиғасына жеткізді. Өз кезегінде бұл Кеңес үкіметінің ыдырауына алғышарт болды деуге болады. Біздің елге ең ауыр болғаны – Желтоқсан көтерілісінде қаншама адам қана тапты, сотталып зардап шеккені қаншама, қуғынға ұшырағандары қаншама? Шынына келсек, бұл біздің ел үшін қасіретті де қайғылы жыл», – дейді тарихшы Б. Санабайұлы.

Бұдан кейінгі барыс жылдарында жағдай жақсара түсті. Тәңір берген тәуелсіздікті алғаннан кейін елдің беті бері қарады.

Кезекті он екі жыл өткен 1998 жылдары Қазақстан экономикасы жақсарған, алыс-жақын шетелмен байланыс орнатқан, дамушы мемлекет ретінде таныла бастады. Дәл осы 1998 жылы ел астанасы Ақмолага ауысты. Бұл ел тарихындағы маңызды шешім, айтулы оқиға болды. Жаңа астанамен жаңа кезең басталды. Бұдан кейінгі барыс жылында да Қазақстан үшін тағы бір тарихи оқиға болды. Иә, 2010 жылы еліміз ТМД мемлекеттері ішінде алғаш болып Еуропалық қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізді.

Жалпы барыс жылы еліміз тәуелсіздігін жариялағалы бері жақсы өтуде. Еліміз үшін де, облыс үшін де. Халқымыз барыс жылында барыс секілді айбар көрсетіп, барыс сияқты мінезділігінің арқасында мақсаттарына жетіп келеді.

Жаңа жыл әне-міне дегенше келіп қалды. Баршамыз жаңа жылдан жаңа қадам, жаңа бағыт, жаңа бақыт күте-тініміз анық. Барыс жылында елімізді не күтіп тұрғаны, қандай өзгерістер болатыны баршамызға қызық. Алайда жақсылық үзілмей, ел тарихында жақсылығымен қалатын тарихи жыл болады деп сенейік. Қош келдің, берекелі Барыс жылы!

Ақтілек БТІМБАЙ

КІМДЕР ҮЗДІК АТАНДЫ?

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде жыл қорытындысы салтанатты жиыны өтті.

Мерекелік жиынға қала әкімі Ганибек Қазантаев, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқаламов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев және жергілікті тұрғындар мен қала қонақтары қатысты.

Салтанатты шарада қала әкімі Ганибек Қазантаев Сыр жұртшылығын келе жатқан жаңа жыл мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстар мен жеткен жетістіктерге тоқталды.

– Биылғы жылы еліміз үшін үлкен жетістіктерге толы жыл болды. Жаңа заманауи ғимараттар бой көтеріп, көптеген құрылыс нысандары салынды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жол жөндеу жұмыстары қарқын алып, көшеге жарық шамдар орнатылды. Балалар ойын алаңдары пайдалануға беріліп, білім ұялары күрделі жөндеуден өтті. Республикалық, облыстық және қалалық бюджеттерден бөлінген қаржыға халық игілігі үшін қажетті жұмыстар жасалды. Қаланың көлемі бірнеше есеге ұлғайып, халықтың саны артты. Жаңа аудандар мен әлеуметтік нысандар шаһар шырарын арттырып, экономикалық әлеуетіміз дамыды. Сырдың сол жағалауын игеріп, қала халқы жаңа да жайлы баспанға қол жеткізді. Бұл – Сыр жұртшылығының ынтымағы мен бірлігінің, бізге арқан сенімі мен қолдауының арқасы. Сүйікті қаламыз болашақта бұдан да биік белестерді бағындыра береді деп сенемін. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа шаттық қуанышын ала келсін. Айналамыз аман, төңірегіміз түгел болсын, – делі қала басшысы.

Жиында жылдағы дәстүрге сай ел дамуына, қаланың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосып, әр салада табысты еңбек етіп жүрген бірқатар азамат «Р Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Халық алғысы» медальдарымен марапатталып, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағын және «Жыл үздіктері» номинацияларын иеленді.

Шара қорытындысында жергілікті өнерпаздар ән-жырдан шашу шашып, кеш қонақтарына мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

2021 НЕСІМЕН ДАРАЛАНДЫ?

Басы 1-бетте



ӘЛЕУМЕТ

Зейнетақының мөлшері 7 процентке өсті. Елімізде мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 18524 теңгеден 43272 теңгеге дейін артты. Дегенмен әйелдер үшін зейнетке шығу жасы 60 жасқа дейін көтерілді. Ал ер аламыр үшін 63 жас еш өзгеріссіз қалды. Сонымен қатар мүғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 25 пайызға көтерілді. Сондай-ақ лауазымдық жалақыны ұлғайту жолымен әлеуметтік қызметкерлердің айлығы 1,5 есеге артты. Ал бірінші және үшінші баланы тууына берілетін бір реттік жәрдемақы – 105,5 мыңнан 110,8 мың теңгеге дейін, төртінші және одан көп балаға – 175-тен 183,3 мың теңгеге дейін өсті.

Көп балаларға берілетін ай сайынғы жәрдемақы мен атаулы әлеуметтік көмектің де мөлшері артты.

ДЕНСАУЛЫҚ

Елімізде 2021 жылдың ақпан айынан бастап, тұрғындарға ерікті түрде жаппай вакцина егу жұмыстары басталды. Алғашқы кезеңде халықтың ауруды жұқтыру қаупі жоғары тобы, дәрігерлер, педагогтар, ішкі істер органдарының қызметкерлері қамтылды. Сонымен қатар осы жылдың соңына дейін 2 млн мөлшердегі отандық вакцинаның алғашқы партиясы шығарылды. Айта кету керек, қазақстандықтар «Ashyq» қосымшасын пайдаланды. Бас кезінде халық төрт түрлі түске наразы болса

да, артынан оған да бейімделді. Жалпы биыл еліміздің эпидемиологиялық матрицасы мың құбылды. Қалалар мен облыстар біресе «сары», біресе «жасыл» аймақта тұрды. Ал тамыз айында барлығы «қызыл» аймаққа еніп, шектеу шаралары күшейді. Бірақ жылдың соңына қарай эпидемиологиялық жағдай түзеле бастады. Тіпті той-томалақ өткізуге рұқсат берілді.

СПОРТ

2021 жылы қазақстандық спортшылар түрлі дүбірлі додаға қатысып, бақ сынап көрді. Арасында қуаныш та, өкініш те болды. Токиода өткен жазғы олимпиада Қазақстан құрамасы «алтынсыз» қайтты. Спортшылар 8 қола медальді қанжығаға байлады. Сөйтіп 83-ші орын алды. Мамыр айында Ригадағы әлем чемпионатында



БІЛІМ

2021 жылдан бастап Қазақстанда диплом беру жүйесі өзгерді. Енді жоғары оқу орындарына мемлекеттік үлгідегі диплом берілмейді. Алдағы уақытта студент жекелеген дипломдары беріледі. Осыған орай жоғары оқу орындарының кадр даярлауда жауапкершілігі артып, түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі де жұктелмеді. Сонымен қатар жанартылған қосымшасы бар диплом беріледі. Онда елімізде алған жоғары білім еуропалық білім санатымен сәйкес екені көрсетіледі. Сондай-ақ студенттердің шәкірталасы екі есеге, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 1,5 есеге артты. Бір қуанарлығы, биыл оқушылар мектепте сабақ оқи бастады. Басында аралас оқу форматы енгізіліп, тек 9,11 және 12 сыныптар ғана партаға қайта отырды. Ал жаңа оқу жылынан бастап барлық оқушы дәстүрлі форматқа ауысты. Ерекше тоқтала кететін жағдай, бірінші сынып оқушыларына «Әліппе» қайта таратылды.



P/S Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Сыр өңірінде де түрлі шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, Арал ауданында «Аралтұз» АҚ «Ас тұзын өндіру» цехы іске қосылды. Дала академігі Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығы мен әніш Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған мерекелік шаралар, Сыр сүлейі Кете Жүсіп Ешніязұлының 150 жылдығына арналған «Жырларсың Тәуелсіздік жырлары» атты республикалық жыршы-жыраулар байқауы өтті. Бұл – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген игі шаралардың бір парасы ғана.

Сондай-ақ 2021 жылы рақымшылық жарияланды. Заңға сәйкес, оған ардагерлер, кәметке толмағандар, жасы үлкендер бірінші және екінші топтағы мүгедектер, қоғамға қауіп төндірмейтін адамдар ілігелі. Десе де сиыр жылында қымбатшылық қатты сезіліп, қос бүйірден қысты. Алдымен теміржол билеттерінің бағасы көтерілді. Одан кейін электр энергиясы қымбаттады. Артынан қартоп пен сөбіздің жыры басталды. Бір келісі 500 теңгеге шарықтап кетті. Артынан біртіндеп түсе бастады. Дегенмен азық-түліктің, жанар майдың қымбаттауы қарапайым халықтың қалтасына едәуір салмақ салуда. Одан бөлек, қуаңшылықтан Арал мен Маңғыстауда мал қырылды.

Тәуелсіздік – ең басты құндылық. Еліміз 2021 жылы Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын кең көлемде атап өтті. Сондай-ақ өткен жылы бірнеше атаулы күндерге тұспа-тұс келді. Атап айтсақ, Жыр алыбы Жамбылдың – 175, Алаш арысы Әлихан Бөкейханның – 155, күш атасы Қажымқұанның – 150 жылдығы тойланды. Сонымен қатар бытыр Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толды. Ал «Тәуелсіздік тарландары» жобасы аясында қоғам және мемлекет қайраткерлеріне «Халық Қаһарманы», «Еңбек Ері» атағы берілді.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ



ҚАЗАНТАЕВ ӘКІМ БОЛҒАН КЕЗ: ҚАЛА ТІРШІЛІГІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС БАР?

Басы 1-бетте

Аудан басшысы ретінде артында жақсы із қалдырған Ғанибек Қонысбекұлының Сырдың бас қаласын басқаруға келгеніне де жылға жуықтады. Осы жылдың 8 сәуірінде қала билігіне келген Ғанибек Қазантаев әкім орынтағына отырар алдында «Ел үшін қызмет етуге дайынмын» деді. Бір ауыз сөз жүрекке жылы тигенмен елдің жұмысты неден бастар екен, нендей мәселені қолға алар екен деп сынап қарайтын сөзсіз. Алайда жаңа әкім қаланың қат-қабат тіршілігіне білек сыбана кірісіп кетуден бұрын, әлемді жайлаған індетпен күреске қызу кірісіп кетті. Тіпті қала әкімі ретіндегі алғашқы мәжілісі де қаланы індеттен құтқаруға арналды. Сондай-ақ қалаға қарасты ауылдарды аралап, ел ақсақалдарымен кездескен қала басшысының ауылдарға барғандағы ауыл әкімдеріне ең бірінші тапсырған тапсырмасы – қоғамдық кеңестің қызметін күшейту және ауылда кәсіпкерлікті дамыту болды. Ал қала тіршілігіне кірісуді тазалықтан бастады. Табиғаты ерек Сыр шаһарында тазалық жұмысын жүйелі жүргізу үлкен күшті талап етеді. Желді күні пакеттер аспанда айналатын көрініс талай сыңға ұшырағаны да белгілі. Алайда соңғы жылдары қала тап-тұйнақтай болған еді. Жұмысын қала тазалығын көруден бастаған Қазантаев ең алдымен «Қала тазалығы» мекемесіне барды. Аткарылған жұмысты да, мәселені де бағамдаған жұмысы нәтижесіз болған жоқ. Себебі қаланы қайсыбір шағын ауданында болсын, құл-қоқыс тау болып үйілген көшелер болатын. Тұрғындардың бәрі сол жерге қоқыс тастауды әдетке айналдырғаны сонша, көше бойындағы үй тұрғындары қоқысқа көміліп, жазықсыз жапа шегетін. Мұндай көше тұрғындарының дауысы да билікке жетті. Қала ішінде көше бойына қоқыс тастау назарға алынып, қаншама көше қалтарысындағы алаңқайлар қоқыстан тазарды. Соның бірі «Арай» шағын ауданындағы «Гүлдала» көшесі еді. Бұл бір ғана мысал. Бұл туралы көше тұрғындарының қуанышын жазған едік. Алайда қала тазалығы көше тазалығымен бітпейтіні белгілі. Тұрмыстық қалдықтарды өңдеу секілді түйінді шешілмеген мәселелер де алдағы уақыттың еншісіндегі жұмыс.

ДЕПУТАТТАР НЕ ДЕЙДІ?

Гүлшат МҮСАЕВА, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты:

– Алдымен Қызылорда қаласының дамуын сипаттайтын көрсеткіштерге тоқталайық: әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша өткен жылдың 8 айында өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 350,4 млрд. теңгеге жетіп, өткен 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 98,6 пайызды құрады. Бұл – жақсы көрсеткіш. Демек жыл соңына дейін былтырғы жылғы межелен асып түсу мүмкіндігі бар екені белгілі.



Жасалатын барлық жұмыстар бюджетке байланысты екендігі баршаныңа аян. 2021 жылдың басында қала бюджеті 52,0 млрд теңге болып бекітілсе, бүгінгі күні қала бюджеті 64,3 млрд теңге болып нақтыланды. Оның ішінде, өз кірістері 17,5 млрд теңге болса, трансферттер 24,6 млрд теңге. Қала бюджетіне берілген субвенция 16,8 млрд теңгені құрады.

Келесі назар аударатын жайт қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің қатарындағы құрылыс саласын атауға болады. Осыған орай, қазіргі таңда халықты толғандыратын аса өзекті мәселенің бірі және бірегейі баспана жайына тоқталайық. 2020 жылы бастау алған Сырдария өзенінің сол жағалауында арендалық 590 пәтерлі 12 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын аяқтауға 588,2 млн теңге, СПМК-70 тұрғын ауданының ипотекалық 640 пәтерлі 13 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын аяқтауға 5 млрд 460,5 млн теңге қаржы бөлінді.

2021 жылы 2 млрд 323 млн теңге СПМК-70 №2 тұрғын ауданында ипотекалық 300 пәтерлі 6 көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын бастауға және арендалық 250 пәтерлі 5 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын бастауға 275 млн теңге бөлінді. Нәтижесі жаман емес, қаншама кезекте тұрған аз қамтылған көпбалалы отбасылар, апапты тұрғын үйлерде тұрып жатқан тұрғындар баспаналы болды.

Біздің өмірдің ғана емес, жалпы бүкіл әлемде халықты лайықты жұмыспен қамту өзекті мәселе, өйткені бұл көптеген тұрғындардың негізгі кіріс көзі болып табылады. Сондықтан да үнемі назарда, осы бағытта үздіксіз жұмыстар жасалады. Қалада 6534 жаңа жұмыс орны ашу жоспарланса, жыл аяғына дейін 8527 жаңа жұмыс орындары ашылды, яғни, жаңа жұмыс орындарының жоспары 130,5 процентке орындалды.

Тағары бір көрсеткіштің қатарында кәсіпкерлік саласын атауға болады. Кәсіпкерлікті дамыту халықтың әл-ауқатын арттыруға, түйткілді мәселе саналатын жұмыссыздық проблемасын шешуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз. Бұл салада да ілгерілеушілік байқалады. Атап айтқанда, бизнесті қолдау мен дамытудың «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағдарламасының аясында жалпы құны 11 млрд 552 млн теңгені құрайтын 653 жоба қаржыландырылып, жаңадан 687 жұмыс орны ашылды.

«Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша құны 937 млн теңгені құрайтын 6 жоба қаржыландырылып, жаңадан 13 жұмыс орны ашылды.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында биылғы жылы 110 маманға көтерме жәрдемақы үшін 32,1 млн теңге, 33 маманға баспана алу үшін 140,2 млн теңге жеңілдетілген несиелер берілді.

Білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын шешу мақсатында «Саяхат» шағын ауданынан жеке инвестор есебінен 348 орындық мектеп, Сабалақ саяжайынан 300 орындық жеке мектеп құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Өткен жылдың 8 айында атқарылған жұмыстарының негізгі бөлігін жоғарыда баяндалды. Жұмыс жүрген жерде кемшілік те болатыны белгілі. Мысалы, орындалмай қалған жұмыстың бірі жайлы баяндайын. «NUR OTAN» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасында Қызылжарма ауылдық округінде 900 орынға арналған жаңа мектеп салу қарастырылған. Құрылыс жұмыстары үстіміздегі жылдың екінші жарты жылдығынан бастап қолға алынатындығы айтылған болатын. Дегенмен, жаңа мектептің құрылысы кейінге шегерілді. Қаншама тиісті органдарға депутаттық сауал, өтініш хат жолдадым, алған жауапым: «алдағы 2022 жылы басталып, 2024 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр». Мұның өзі нақты емес. Ауыл тұрғындарының «белгісіз бір себептерге» байланысты мектеп құрылысы мүлдем жүргізілмеуі мүмкін деген күдіктері басым.

Қызылжарма ауылдық округіндегі С.Әлжіков атындағы №144 мектеп 1200 орынға арналған, бірақ мұнда 2800 бала 3 ауысымда білім алуға мәжбүр. Ауылдық округтегі тұрғын үйлер аумағының кеңеюі нәтижесінде балалар мектепке 2 шақырым жерден жауып кетеді. Осыған орай, ауылдық округте халық санының, оның ішінде мектеп жасындағы бала санының жылдан-жылға күрт өсуіне орай, бұл мектеп ғимаратын салу аса қажет.

Қорыта айтқанда, алда жүзеге асырылуы тиісті қаншама кезек күттірмес шаруалар жетерлік. Қаланың 2025 жылға дейінгі даму жоспары, қаланың 2022-2024 жылдарға арналған 3 жылдық бюджеті бекітілді, соның негізінде жұмыстар жүйелі атқарылатын болады.



Айгүл МҮСАБАЕВА, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты:

– Қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлы апталық жұмыс жоспарына «депутаттық сағат» енгізді. Бұл халық қалаулыларының қаланың түйткілді мәселесін тікелей шаһар басшысына жеткізуге мүмкіндік. Бұл бастама тұрғындар көтерген түйінді мәселелерді бірлесіп шешуде нәтижесін беруде.

Қала әкімімен кездесуде «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы және партиялық жобалардың орындалуын жүзеге асыру мақсатында өз тарапымынан бірнеше мәселе көтердім. Мәселен, шағын және орта бизнесті қолдау. «Бизнестің жол картасы-2025», «Бастау бизнес» жобаларын үйлестіру мақсатында, яғни қайтарымсыз несиені әр адамға 500 000 теңгеден емес, 10 кәсіпкерге 5000000 теңгеден берсе, табысқа қол жеткізуге мүмкіндік болар еді. Бұл қаржыға тігін цехын, шаштараз, кондитер цехы, құрылыс цехы және тағы басқа кәсіпорындар ашылып, тұрақты жұмыс орнын аша тиімді болар еді. Мектеп оқушыларының қауіпсіз және қолайлы ортада білім алуы негізгі мәселелердің бірі. Қаладағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің және №12, 233, 278 мектеп жанынан автотұрақтар салу ұсынысым қолдау тауып, 2022 жылдың бюджетіне енгізу тапсырылды.

Сондай-ақ «Баламекен», «Шанхай», «Титов», «КБИ», «Белқол» шағын аудандары тұрғындарына жылжымалы мәдени шаралар ұйымдастыру қажеттігін көтердім. Шет аймақ тұрғындары үшін кешкі уақытта қала орталығына келу қиын. Бұл ұсынысты облыстық жастар ресурстық орталығы мамандарымен бірлесіп жүзеге асырдым.

Қала жастарының бос уақытын тиімді өткізу үшін Қорқыт ата кешеніндегі амфитеатрды жандандыру қажеттігін жеткіздім. Бұл ұсынысым да қолдау тауып, амфитеатр қайта жаңғыратын болды. Сонымен қатар сессияда, тұрақты комиссия отырысында, рейд жұмысы кезінде қоғамдық көлік мәселесі көтеріліп, тапқан табыс кеткен шығынды толық ақтамайтыны ескеріліп, кіші сыйымдылықта тасымалдаушы кәсіпкерлерге субсидия бөлінді. Өтпеген-ай тұсы, кейбір көпқабатты тұрғын үйлердегі жылу мәселесі, жылу жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізу қажет. Кей тұрғындар тарапынан коммуналдық төлем уақытылы төленбейтіндіктен ақпараттандыру-насихат жұмысы жүргізілсе, осы мәселені шешу мақсатында жаңа механизмдерді іске қосу қажет деп есептеймін.



Өткен жылдың сәуірінде қызметке кіріскен Қазантаев қаланың түйткілді мәселесімен бетпе-бет кездесті. Келе салып, сенбіліктерге шығып, көшет еккен ол жылдар бойы шешімін таппаған аяқ су мәселенің шешу жолын іздеді. «Қаланың аяқ сумен қамтылуын өз қалағалауында ұстаймын» деген шаһар әкімі қоқысқа толы арық жүйелерін өзі бастап, қосшылары қостап, бірге тазалап, су арнасының көзін ашып, қаланы жаз бойы аяқ сумен қамтамасыз етуге барын салды. Апталық демалыс күндерінде дария жағалап, қалай болғанда да қаланы суландыру жүйесін мамандармен бірге ақылдаса шешу жолын іздеген ол кешегі жазды қала арықтарын мүмкіндігінше суусыз қалдырмады. Тіпті 20 жыл су көрмеген қалалық канал арнасын ашып, сол арқылы қала орталығын аяқ сумен қамтамасыз етудің жолын тапты, демеушілер есебінен насос қондырғылар орнатты. Басқасы, сылтау айтпады, қалаға аяқ су әкелуге тырысып қалды. Айтпақшы, аяқ су жеткізуде ауылдарды да назардан тыс қалдырған жоқ. Қызылөзек ауылдық округіндегі Айнақөл ауылы тұрғындарының аяқ су тапшылығынан бақша еге алмай отырған жағдайын көрген қала билігі тез шешім қабылдап, насос қондырғысын орнатып, тұрғындардың қартон егуіне жағдай жасады. Еесіне, ел алғысын айтты.

Қаланың өзекті мәселесінің бірі – қоғамдық көлік жайы болса, жағдайды көзбен көргісі келсе керек, әкім аялдамада автобус күтіп, автобусқа мініп көрді. Алайда қоғамдық көлік жайы бір күнде шешімін табар мәселе емес.

8 ай ішінде қала әкімінің «халықтың тілі, құлағы, үнімен» санасатынын байқатты. Қала билігіне келгеніне үш ай толғанда журналистермен кездесіп, ашық пікірлесті, мәселені тыңдады. Қаланың түйткілді мәселесін бірге талқылауға дайын екенін білдірді. Тіпті үш ай сайын дөңгелек үстел басында кездесіп, айтылған мәселенің нәтижесін талқылап отыратынын да жасырмады. Тіпті үш ай бойы жарнамасыз, әрбір жұмысына журналистер шақырмай-ақ іске кіріскен қала әкімінің осы кездесуде өз арман-мақсатын айтып, ағынан жарылғаны болды. Өзінің бұл қызметке мансап қуып келмегенін айтып, өзінің бар арманы әке атына кір келтірмеу екенін перзенттік парыз деп ұғатынын да жасырмады. Журналистермен бүкпесіз әңгімеде әкім үш ай ішінде қаланың орталығын ғана емес, әр түркіріпін аралағанын, бұрыш-бұрыштағы құл-қоқыстан арылу жұмысы басталғанын атап өтті. Сондай-ақ БАҚ өкілдері тарапынан «Журналистер аллеясы» ашу ұсынысы да айтылған болатын.

Ұсыныс жерде қалмады. Жыл аяғында қалада «Қалагерлер аллеясы» ашылды.

Қала билігінің өз командасына жоғары талап қоятынын да байқалады. Мәселен, «белім басшысы ауыл әкімінің сөзін айтпау керек», «Ауыл әкімдері халыққа мемлекеттік бағдарламаны қаншалықты білетінін бағамдау үшін олардан тест алу керек», «Әлеуметтік дүкенде не бар?» деген әкім талабы әр салада нәтижелі жұмысты талап ететінін байқатады.

Сонымен қатар биылғы қала күні мерекесін от шашусыз сырттан әнші шақырып, дүркіретпей-ақ, оның орнына қайырымдылық шараларын өткізгенді жөн көрген әкімнің бұл бастамасы оның болмысын айқындай түскендей. Яғни әрбір қадамын, әрбір қолға алған ісін жарияға жар салуды жөн көрмейтін қала билігі үндемей іс бітіргенді қалайтынын байқалады.

Жылдың 8 айында қала билігінің ұстанымын байқалдық. Бірінші, тұрғындарды әуре-сарсаңға салмау. Екінші, ел сұранысына сай қызмет ету. Үшінші, халық қалаулыларымен, БАҚ өкілдерімен жүйелі кездесу арқылы қаланың түйткілді мәселесін сараптап отыру.

Әрине, қай кезде де жаңа әкімнен ел жаңалық, тың жоба күтетіні рас. Қала әкімі Ғ.Қазантаевтың келуімен биыл жұр болған шын зауыттың іске қосылуы да жақсылықтың белгісі. Жүздеген тұрғынның жаңа баспанға ие болып, қоныстайын тойлағанын айта кеткен жөн. Алайда бұл қала әкімі жұмысына берілген баға емес екені белгілі. 8 ай бойы қаланың тыныс-тіршілігін зерттеп, түйінін тарқатудың жолын зерделеген Ғанибек Қонысбекұлының қалаға серпін әкелер жаңа бастамалары енді басталатын сияқты. Себебі уақыт талабы қала тіршілігіндегі күнделікті мәселенің шешімін табумен ғана айналысуды көтермейді. Бір кездері қала басқарған Бакберген Досманбетов «Адамдар сияқты әр қаланың өз тағдыры бар» демекші, әр қаланың арманы да бар. Кезінде тағдырына ел астанасы болу бақыты бұйырған дария жағасындағы қала сол беделін уақыт өткен сайын биіктете түскенін қалайды. Уақыт көшінен қалғысы келмейді, ақылды қалаға айналысы келеді, тұрғындарының көлік жылы суға малып, жақсы жағдай жасағысы келеді. Бір сөзбен айтқанда, тұрғындарын бақытқа бөлегісі келеді. Ал бұл арманның орындалуына бірден-бір себепші – қала билігі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ТҮРҒЫНДАРДЫ ТЫҢДАСАҚ...



Айкен Баймаханова, зейнеткер:

– Жақсыны жасырмай айтқан абзал. Қызылорда қаласы қарқынды дамып келеді. Біз осыған қуанамыз. Дарияның сол жағалауында жаңа қала салынып жатқанын балаларым айтып, риза болып отыр. Маған балалардың қуанышынан артық қандай бақыт бар. Жастардың болашағы үшін жасалған әрбір іс бізге қуат сыйлайды. Аман болындар, айналайндар. Немеселермен қыдырып баратын әлемді әсем жерлер жеткілікті. Ел ағаларына аналық алғыстан басқа айтарым жоқ.



Рауи Алтынбекова, қала тұрғыны:

– Жасыратыны жоқ, жасалған жұмыстың жемісін жұртшылық көріп те келеді. Дегенмен мұнымен тоқмейілсуге болмайды. Алда әлі алуан істер күтіп тұр. Сабалақ саяжайына жол, көлік мәселесі шешілсе, Астана шағын ауданына балабақша салына нұр үстіне нұр болар еді. Қазір барлық балалар телефонға танулы. Сондықтан оларды сабақтан тыс уақытта мәдени-спорттық шараларға көптеп баулыған дұрыс болады. Сонда ғана мемелі мақсат-мұратымызға жетеміз.



Молдір Айтбай, жас ақын:

– Туған өлкеміздің өсіп өркендеп жатқанын жанымызға шуақ сыйлайды. Салтанат көшіндегі Сыр елі бұдан да биік белестерді бағындыра бермек. Қалада қоғамдық көлік мәселесі ретке келтірілсе, жастардың жұмыссыздық деңгейі азайса деген тілегім бар. «Қалагерлер» аллеясы мен «Сыр ана» монументі маңайы абағтандырылса, көктемде көптеп ағаш көшеттер отырғызылса жастардың жиі бас құрайтын рухани орнына айналмақ.

2022 ЖЫЛ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?



Жаңа жыл – армандап, жоспарлар құратын уақыт. Осы мезгілде барлық адам алдағы жылға мақсат қойып, тілек тілейді. Олардың жүзеге асуы үшін жасалатын іс-әрекеттің тізімін құрады. Сол арқылы жаңа жылды жаңа бастамамен, өзгеріспен бастауды қолға алады. Біз де оқырман қауымының арман-тілектерінің орындалуын тілеп, жұлдыз жорамал сіздерге қандай жыл дайындап қойғанын назарыңызға ұсынуды жөн көрдік. Әр нәрсені орындалуы адамның өз қолында екеніне шүбә келтірмейміз. Дегенмен осы бір болжамға көңіл бөліп, өзіңізге қажетті тұстарын түртіп алуыңызға болады.

ТОҚТЫ

Қызмет, қаржы: Биылғы жылы үйді жөндеу, құрылыс жұмыстарымен айналысуға ең тиімді болмақ. Ал қызмет бабына келгенде әр шешімді ойланп барып қабылдағаныңыз жөн. Асығыстықтың қажеті жоқ. Сондай-ақ көктемнің алғашқы және екінші айында, одан бөлек жыл соңында қаржылық әлеуетіңіз артады. Сол себепті осы мезгілдерде еңбек демалысына шықпағаныңыз жөн. Бар күшіңізді салып жұмыс істесеңіз, соған сай қаражатыңыз да көбейеді.

Жеке өмір: Бойдақ болсаңыз қаңтар мен наурыз айларында өзіңіздің өмірлік серігіңізді жолықтыруыңыз мүмкін. Осы уақытта жаңа адамдармен танысып, өмірлік жарыңызбен кездесуіңіз де ықтимал. Ал басы бос емес жандар мамыр айында жұбымен ең ерекше уақыттарды бастан кешеді. Жаз алдында ара-қатынастарыңыз оң өзгеріске ұшырап, сезім күші арта түспек. Ал маусым мен тамыз аралығында отау құрып немесе сүйген адамыңызбен мәмілеге келсеңіз болады.

Денсаулық: Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеңіз. Уақытылы медициналық тексерістен өткеніңіз дұрыс. Ал жаз айларында тұмау мен суық тиюден аса сақ болыңыз. Суық жерде көп отырмай, салқын суға түспеңіз. Қыркүйек айларында экстремалды заттардан бас тартыңыз. Сіз өзіңіздің күшті екеніңізді әлі дәлелдеп үлгересіз.

ТОРПАҚ

Қызмет, қаржы: 2022 жылды жаңа білім алуға, өзіңізді дамытуға арнасаңыз жұлдыздар сізге міндетті түрде көмектеседі. Бастысы, бар күшіңізді жинап, уақытты күтпей бастаған жөн. Іс-әрекетсіз өміріңіз өзгермейді. Ал дамуды қолға алсаңыз «тау қопаратын» күнге де жетесіз. Жылдың бірінші тоқсанында жылжымайтын мүлікке қатысты әрекеттерді тоқтата тұрғаныңыз абзал. Өйткені алаяқтардың арбауына түсіп немесе дұрыс келісім-шарт жасамауыңыз мүмкін.

Жеке өмір: Бұл жылы жеке өміріңіз бірқалыпты, аса бір үлкен мәселесіз өтеді. Ал кішкентай кикілжіңдерді жүрекке жақын қабылдамағаныңыз жөн. Жылдың екінші жартысында екінші жартыңызбен жаңа бір кезеңге өтіп, махаббат оты күшейеді. Өз адамын кездестіргендер үшін осы уақыт таптырмас мүмкіндік.

Денсаулық: Осы жылы денсаулығыңызға айтарлықтай қауіп жоқ. Дегенмен босаңсып, тым еркін жүруге болмайды. Денсаулығыңызға салғырт қарасаңыз физикалық аурулар мазаныңызды алуы мүмкін. Әсіресе шілде айларында өкпе мен тыныс алу жолдарын сақтаған абзал. Бастысы, бұл тек болжам екенін, сақтансаңыз сақтайтынын назарда ұстаңыз.

ЕГІЗДЕР

Қызмет, қаржы: Айналада орын алатын оқиғаларға қарамастан бұл жыл қаржылық тұрғыда сізге тиімді болмақ. Кішкене күш салсаңыз мол ақшаға кенелесіз. Алайда ақшаның көбейгеніне қарамастан азырақ жұмсап, үнемдеуге тырысыңыз. Сол кезде сіздің жеке экономикаңыз жоғары деңгейде сақталады. Сонымен қатар жыл ортасында қызмет ауыстырып, күйбең тіршіліктен алыстағыңыз келеді. Бірақ мұндай жағдайда сабыр сақтағаныңыз дұрыс. Себебі дәл осы салада жұлдызыңыз жанып, білікті маман атанатын күн алыс емес.

Жеке өмір: Барыс жылында жеке басыңызға қатысты жағдайлар сізден алыс болады деуге келмейді. Әсіресе жылдың басында бір адамға деген қарым-қатынасыңыз оң өзгеріске ұшырауы мүмкін. Мейлі ол сіздің сүйген адамыңыз, досыңыз, тіпті ескі танысыңыз болса да. Ал отбасылы жандар көбіне сүйген жары мен балаларына көңіл бөлген абзал. Себебі олар сізбен уақытты көбірек өткізгісі келеді. Дәл осы жылы отбасылық жиындарды, демалыстарды арттырған дұрыс.

Денсаулық: Жыл басы сіз үшін оңтайлы болғанмен, көктемге денсаулыққа көңіл бөлген жөн. Әсіресе тұмау секілді қарапайым ауру кезінде өзіңіз емделмей, маманның көмегіне жүгінгеніңіз дұрыс. Жылдың екінші жартысында күйзеліс пен шаршап-шалдығу белгілері байқалады. Сол уақытта демалыс алып, жаныңызды тыныштандыраңыз дұрыс болады.

ШАЯН

Қызмет, қаржы: Жұмыс орныңызды ауыстырғыңыз-ақ келеді. Бірақ бұл шешімді жылдың екінші жартысына жылжытқан дұрыс. Барлық қиындыққа шыдап, қызметіңізді дұрыс істесеңіз болғаны. Өйткені жаз басында-ақ мұның бәрі артта қалып, барлығы өз орнына тұрақтайды. Ал өз бизнесін дамытқысы келетін, басын бастап қойғандар үшін биылғы жыл ең оңтайлы уақыт.

Жеке өмір: Жеке басыңызға қатысты мәселелерді шешуге жыл басынан-ақ кіріссеңіз болады. Әсіресе наурыз айында жұбыңызбен қарым-қатынасыңыз жақсарып, өмірлік серігіңізді кездестіретін уақыт болмақ. Бастысы алғашқы қадамды өзіңіз жасаңыз. Ал достық қатынастағы жаңа таныстықтарға әзірге кіріспегеніңіз жөн. Ол адам сіз ойлағандай болмауы мүмкін.

Денсаулық: Алғашқы төрт айда суық тию мен жөтел секілді мәселелер туындауы мүмкін. Оларға назар аудармасаңыз, күшейіп кетуі ықтимал. Сондай-ақ кей ауырыснуды тым жаман қабылдап, өз-өзіңге диагноз қоятын жағдай көп болады. Ондай кезде күйзеліске берілмей, жаныңызға жай тауып, демалған дұрыс.

АРЫСТАН

Қызмет, қаржы: Қанша жерден құнды әрі ақылды кеңес берсе де аса бір назар аудармаңыз. Біреуге сенім артып, кейін алданып қалуыңыз мүмкін. Барлық адамға сенбей жүруге болмайды, алайда әр айтқан кеңесті ойланп барып қабылдаған абзал. Сонымен қатар екінші жартыжылдықта несие



алмағаныңыз дұрыс. Себебі кейін сіз ойлағаннан да көбірек қайтарыңыз мүмкін. Ал үй мен мүлікке келгенде биыл жолыңыз болмақ. Сол үшін жылжымайтын мүлікке қатысты саудаларды жүргізуіңізге болады.

Жеке өмір: Егер сіз қазір бойдақ болсаңыз, биыл жеке қарым-қатынас үшін біреуді кездестіруіңіз мүмкін. Оның үстіне бұл адам сіз үшін өте тартымды және қызықты болмақ. Барлығы өз еркінде, бірақ кейде жақын адамдарыңыздың сөзін тындау пайдалы. Жылдың бірінші жартысында сіз ғашық болып, өз адамыңызды кездестіруіңіз мүмкін.

Денсаулық: Қауіп жоғары іс-әрекеттен алшақ болыңыз. Себебі ол сіздің денсаулығыңызға едәуір зиян келтіруі ғажап емес. Бірақ сақ болып жүрсеңіз мұның бірі де болмайды. Наурыз бен сәуірде өзіңізді нашар сезінуіңіз ықтимал. Бұл әрине сіз осы кезеңде міндетті түрде вирусты жұқтырасыз дегенді емес, мұндай қауіптің артып келе жатқанын білдіреді. Бірақ оның болуы-болмауы тек сізге байланысты.

БИКЕШ

Қызмет, қаржы: 2022 жыл шығармашылықпен айналысатын бикеш белгісінің өкілдерін қуантады. Бұл сіздің негізгі салаңыз немесе бос уақытыңыздағы ермегіңіз болуы маңызды емес. Жыл ішінде сіз шығармашылық жобаларыңызбен ерекше табысқа жетесіз. Сондықтан музаның келуін күтпей, жұмысқа кірісіңіз. Сәуір айы кей маңызды келіс немәліе үшін қолайлы уақыт болады. Сіз басқаларға сенім ұялатуы олармен өз шарттарыңыз бойынша келіссөзге келесіз.

Жеке өмір: Бұл жыл әдеттегі сізге көптеген жағымды тәжірибе бере алады. Әсіресе ең алдымен жаңа қарым-қатынас бастағандарға немесе жұбымен сезім күші мен нәзіктікті сақтай алғандарға қатысты. Сіз өзіңіздің байланысыңызға алғашқы ұшқынды қайтару мүмкіндігіне

ие боласыз. Бастысы бірқалыпты жүрмей, өзгеріс орнату керек.

Денсаулық: Сіз ештеңеден қорықпайтыныңызды және кез келген қорқынышсыз әрекетке дайын екеніңізді дәлелдеуге тырыспағаныңыз абзал. Жылдың бірінші жартысы өткенше күтіп, содан кейін ғана экстремалды спортпен айналысыңыз.

ТАРАЗЫ

Қызмет, қаржы: Осы жылы жұмыс көп күтіледі және оның алуан түрлі немесе ерекше болуы екіталай. Дегенмен оны аяқтауыңыз керек және сіз оны атқара аласыз. Бастысы, берілмеу керек. Егер сіз 2022 жылы біліктілікті арттыру курстарына қатысқыңыз келсе немесе өзіңіз үшін жаңа нәрсе үйренгіңіз келсе, мұғалімді таңдағанда абай болыңыз. Сәтсіз оқу орнын немесе сізді көбірек шатастыратын мұғалімге тап болу қауіп бар.

Жеке өмір: Сірә, бұл жыл жеке өміріңізге маңызды оқиғалар алып келмейді. Көбірек қызметке көңіл бөлесіз. Оң өзгеріс наурызда және жылдың соңында, қараша-желтоқсанда болуы мүмкін. Бұл –

МЕРГЕН

Қызмет, қаржы: Кей мәселе біздің іс-әрекеттен емес, идеядан да туындауы мүмкін. Мергендер әр шешімді қабылдап алдын ұзақ ойланп, саралап алған жөн. Сонымен қатар биыл басшылықтың назарына ілігіп, қызметте жоғарылауыңыз немесе арнайы марапатқа ие болуыңыз мүмкін. Жаз айларында жұмыста барыңызды салсаңыз міндетті түрде қаражатыңыз артады. Бірақ ол қаржы негізгі жұмысыңыздан емес қосымша табыс көзі ретінде келуі мүмкін.

Жеке өмір: Жыл басын жақындармен қарым-қатынасыңызды нығайту үшін пайдаланыңыз. Айтпақшы бұл уақыт үй ішін жақсарту үшін қолайлы. Мәселен, кішігірім жөндеу жұмыстарын жүргізу оң шешімін таппақ. Бірақ қыркүйек пен қазанда жанжалдар мен ұрыс-керістен сақтанған абзал. Оның орнын отбасымен басқосу, демалыс ұйымдастырумен алмастырғаныңыз жөн.

Денсаулық: 2022 жылы жолда мүмкіндігінше абай болу керек. Сондай-ақ әзірге кез келген экстримнан аулақ болған жөн. Әзірше өзіңізді бақылағаныңыз дұрыс, ал келесі жылы өз қорқынышыңызды жеңуге көңіл бөлуге болады. Наурыз-сәуір айында күшіңіз азауы мүмкін, сондықтан осы уақыт ішінде демалуға тырысыңыз.

ТАУЕШКІ

Қызмет, қаржы: Биыл білім алу саласында сәттілік сенімді серігіңіз болады. Көбірек оқып, білім деңгейіңізді арттыруға көңіл бөліңіз. Соның ішінде өз хоббиыңызға немесе қызметтегі септігін тигізетін оқу курсына жазылған жөн. Ал көктемде жеке экономикаңыздың деңгейі жоғарылап, мол ақшаға кенелуіңіз мүмкін. Ол кезде бірден жұмсамай, әзірге қалтаңызда ұстай тұруға асығыңыз. Өйткені сауда жасау үшін жылдың аяғы сәтті болмақ.

Жеке өмір: Қазан айы қарым-қатынас үшін ең сәтті болады. Дәл осы айда серіктесіңізбен қарым-қатынасыңызды жақсартқаныңыз жөн. Ал басы бос жандар үшін өз жұбын кездестіру үшін жаз мезгілі оңтайлы болады. Себебі осы уақытта сіз ерекше сенімділікті сезіп, алғашқы қадамды жасауға дайын боласыз.

Денсаулық: Кейде өзін нашар сезіну үшін ауырып қалудың қажеті жоқ. 2022 жылдың шілдесіне дейін сізді денсаулығыңызға қатысты жағымсыз оялар мазалауы мүмкін. Оларға назар аудармауға тырысыңыз және бәрі сіз ойлағандай жаман емес екенін есте сақтаңыз. Жалпы жыл шаршап басталуы мүмкін. Бірақ кішкене шыдасансыз көктемде күшіңіз қайта жиналып, өзіңізді еркін сезінетін боласыз.

СУҚҰЙҒЫШ

Қызмет, қаржы: Биыл қаржылай тұрғыда сізде біраз оң өзгеріс болады. Қызметті ысырып қоймай, жыл басында-ақ кіріскен абзал. Әзірге демалысты кейінге шегере тұрған дұрыс. Есесіне соңында сіз молшылыққа кенеліп, жаңа бір деңгейге өресіз. Ал күшім жетпейді дегенді мүлде ойыңыздан шығарып тастасаңыз болады. 2022 жылы сіз барлығына да үлгересіз. Бастысы, жоспар құрып, сол бойынша ілгері жүрсеңіз болғаны.

Жеке өмір: Жеке қарым-қатынас мәселесі сізді биылғы жылы аса бір қатты алаңдатпайды. Дегенмен бәрімізге махаббат пен сезім қажет. Сол үшін басы бос жандар наурыз бен сәуірде әрекет етсе болады. Ал жүрегіңіз жартысы, сүйген жары барлар көңіл бөлуі ұмытпаса болғаны. Қалғаныңыз барлығы өз шешімін өзі табады.

Денсаулық: Жыл белсенді түрде басталады. Қаңтардың бірінші аптасынан кейін сіздің күш-қуатыңыз оралады. Сол кезеңде идеяларыңызды жүзеге асыруға алаңдамай кірісе аласыз. Тек уақытылы түрде демалуы ұмытпаңыз. Сіздегі күшті шексіз деп қабылдамай, өзіңізге көңіл бөлуі естен шығармаңыз.

БАЛЫҚТАР

Қызмет, қаржы: Жеке бизнесіңіз немесе қызметіңіз аса бір өзгеріс болмаса да оған бей-жай қарауға болмайды. Әсіресе биыл қосымша табыс көзіңізді арттыруға мол мүмкіндік болады. Барлық сәтті оңтайлы пайдаланып, дұрыс шешім қабылдасаңыз мол қаржыға кенелесіз. Қызметте үлкен жаңалық болмайды, бірақ бұл қаржылық артуды жоққа шығармайды. Бастысы, еңбектеніп, салғырттықтан сақ болыңыз.

Жеке өмір: Наурыз айының соңына дейін жеке қарым-қатынас тақырыбы сіздің назарыңызды аударуға қоюы екі-талай. Әрине, жаңа таныстар пайда болады, бірақ олар сізге аса бір қажетті деуге келмейді. Есесіне содан кейін сіздің тартымдылығыңыз оң үлесін тигізіп, айналаңыздағылар көп көңіл бөледі. Ал оларды қабылдау немесе қабылдамау – өз еркіңізде.

Денсаулық: Денсаулығыңызға аса бір қауіп төнбегенмен кей мезгілде жіті назар аударғаныңыз жөн. Соның ішінде наурыздың басы мен қазан айында салғырттық танытпаңыз. Жазғы мезгілде де суық заттардан бас тартып, тұмаудан сақтанып жүрген дұрыс. Ал экстремалды әрекеттер биыл аса бір қауіп төндірмейді.

Топтастырып, дайындаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Газеттің келесі саны 6 қаңтар, бейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарамымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖІПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы Тапсырыс №
Нөмірдің келесі редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ